# PRO ЕНПФ



САЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ: ЗЕЙНЕТАҚЫ

НАЛОГОВЫЕ ИГРЫ: ПЕНСИЯ

ҚОРДЫҢ "ЖЕЗ ХАНЫМЫМЫМЕН" ӘҢГІМЕЛЕСЕМІЗ

БЕСЕДУЕМ С "ЖЕЛЕЗНОЙ ЛЕДИ" ФОНДА

ЖАСЫЛ ҚОСЫМША

ЗЕЛЕНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ

#3 (3) 2016


## PRO ЕНПФ

*бұл Қорымыздың тыныс-тіршілігі туралы екі тілді ішкі корпоративтік журнал.*

Басылым Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелді.

БАҚ-ты тіркеу туралы куәлік: 23.06.2016 жылғы №16048-Ж. 2016 жылғы маусымнан бастап шығарылады.

### МЕНШІК ИЕСІ:

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы

### ТАРАТЫЛУЫ:

Қор қызметкерлеріне тегін.

### ШЫҒУ ЖИІЛІГІ:

Тоқсан сайын бір рет.

### ТАРАЛЫМЫ:

2 500 дана.

### ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚА:

www.enpf.kz

### ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ:

Жанна Молдажанова

### БАС РЕДАКТОР:

Елнур Шалкибаев

### РЕДАКТОР:

Марина Акмаева

### ДИЗАЙН, БЕТТЕУ:

Гузяль Шарипова

### АВТОРЛАРЫ:

Марина Акмаева
Салтанат Тулендинова
Максим Оларь
Елнур Шалкибаев

### ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ:

"БЖЗҚ" АҚ аударма бөлімі

Басылым "Транс Экспресс Қазақстан" ЖШС қатысуымен дайындалған.



©2016, "PRO ЕНПФ" журналы
Барлық құқықтар қорғалған

Редакцияның алдын-ала жазбаша рұқсатынсыз осы басылымды кез келген нысанда және кез келген құрал, сондай-ақ фотокөшірме немесе басқа электрондық не механикалық құралдар арқылы толық немесе ішінара қайта шығаруға, таратуға немесе беруге тыйым салынады.

Рұқсат алу үшін e.shalkibaev@enpf.kz электрондық мекенжайы бойынша редакцияға жазыңыздар.

# МАЗМҰНЫ
# СОДЕРЖАНИЕ

ЗЕЙНЕТАҚЫ КАПИТАЛЫНЫҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТУ /
"РАСТИШКА"
ДЛЯ ПЕНСИОННОГО КАПИТАЛА
4

САЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ: ЗЕЙНЕТАҚЫ /
НАЛОГОВЫЕ ИГРЫ: ПЕНСИЯ
6

2016 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША СТАТИСТИКА /
СТАТИСТИКА ПО СОСТОЯНИЮ
НА 1 ОКТЯБРЯ 2016 ГОДА
9

ҚОРДЫН "ЖЕЗ ХАНЫМЫМЫМЕН" ӘҢГІМЕЛЕСЕМІЗ /
БЕСЕДУЕМ С
"ЖЕЛЕЗНОЙ ЛЕДИ" ФОНДА
10

АҢЫЗДАРДЫ СЕЙІЛТУ /
РАЗРУШЕНИЕ МИФОВ
16

ТЕМІР БЕТПЕРДЕ ҚҰПИЯСЫ /
ТАЙНА ЖЕЛЕЗНОЙ МАСКИ
18

DIY
DO IT YOURSELF
21

БІР СӨЗ /
ОДНО СЛОВО
24

ЖЫН СМАРТФОНДА /
ДЖИН В СМАРТФОНЕ
25

ЖАСЫЛ ҚОСЫМША /
ЗЕЛЕНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ
26

РегиON.
ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР! /
РегиON. ПЕРВЫЙ СРЕДИ РАВНЫХ
28

ҚОР АНАТОМИЯСЫ: ЛОГИКА /
АНАТОМИЯ ФОНДА: ЛОГИКА
32

ТАНЫСТЫРУ РӘСІМІ /
ОБРЯД ПОСВЯЩЕНИЯ
37

ФОТО-ЕСЕП
ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕКТЕБІ /
ФОТООТЧЕТ
ШКОЛА С ПЕНСИОННЫМ УКЛОНОМ
40



# ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!
# ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Көпшілігіңіздің таңертең тұра салып, ең алдымен әлеуметтік желіні қарайтындарыңыз жасырын емес. Ал онда кездесетін кейбір сөз орамдары мен дәйексөздердің мағынасына қаншалықты жиі мән бересіздер?

Әлеуметтік желіде: "Өмір – велосипед тебу әрекеті секілді: қиналғаның - жоғары өрлеп бара жатқаның" деген сөз орамы жиі кездеседі. Жауыр болған сөз болса да, мағынасын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Велосипед педалін айналдырмасақ не тепе-теңдікті сақтамасақ құлап қаламыз. Сол сияқты өмірде де тоқтап қалуға болмайды, үнемі алға жылжып, барлығын, әсіресе ақшаны бақылауда ұстау керек. Бұл - болашақта табысқа жетудің кепілі!

Ең алдымен жалақыдан жалақыға дейін өмір сүруден, қарызға кіріп, кредит алудан құтылу үшін өз шығыстарымызды қадағалауымыз керек, оларды саралап, тіпті қажет болған кезде оңтайландыруға тиіспіз. Мұндай тәсілдердің түрі көп және әркім әрқалай әрекет етеді, мысалы, біреулер чектерін жинаса, енді біреулері арнайы ұялы қосымшаларды пайдаланады.

Сонымен қатар, қосымша табыс көзін іздеудің қаншалықты қажет екенін білу үшін табысымызды да қадағалап, саралауымыз қажет. Жалпы адамдардың табысы екі түрге бөлінеді, олар - белсенді және бейтарап. Табыстың белсенді түрі дегеніміз - адамның еңбек етуіне қарай түсетін ақша, ал бейтарап дегеніміз – адамның еңбегін қажет етпей-ақ, қомақты ақша жұмсаған кезде түсетін ақша. Бейтарап табысқа негізінен депозиттердегі табыс, бағалы қағаздар бойынша дивиденттер, мүлікті жалға беру арқылы түсетін табыс және т.б. жатады. Зейнетақы да табыстың бейтарап, бірақ кейінге қалдырылған түріне жатады. Бұған да кез келген табыс секілді салық салынады.

Сіздер зейнетақы төлемдеріне салық салу тәртібі туралы ақпаратты осы басылымнан оқи аласыздар. Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының сомасын қалай бақылауға болатыны және оны не үшін жасау керек екені әрі зейнетақы капиталын көбейту жолдары туралы және т.б. мәліметті осы журнал беттерінен табасыздар.Көп айтып, уақыт созбайық, білім нәрінен сусындаңыздар!

Құрметпен, сіздің редакция!

Мы уверены, что большинство из вас утро начинают не с кофе, а с просмотра ленты социальных сетей. А часто ли вы задумываетесь над смыслом тех фраз и цитат, которые встречаете в интернете?

В социальных сетях давно уже гуляет фраза: "Жизнь — как езда на велосипеде: если тебе тяжело, значит, ты идёшь на подъём". Пусть она избитая и вы ее читали не раз, как говорится "цитата-баян", но мы предлагаем представить себе это. Те из вас, кто хоть раз катался на этом виде транспорта, знают, что если перестать крутить педали или прекратить держать равновесие, то можно и упасть. Так же и в жизни – нельзя останавливаться на достигнутом и надо продолжать контролировать все, особенно деньги. Это главный залог успеха в будущем!

Первым делом следует начать контролировать расходы, анализировать их и при необходимости оптимизировать, чтобы не жить от зарплаты до зарплаты, не влезать в кредиты и долги. Способов это делать много и у каждого они свои: кто-то собирает чеки, кто-то использует для этого специальное мобильное приложение.

В то же время следует анализировать и доходы, чтобы понять, нужно ли искать дополнительные источники заработка или нет. Доходы человека делятся на два типа: активный, при котором поступления в бюджет зависят от труда человека, и пассивный, когда бюджет пополняется без труда человека, но при вложении капитала. К последнему относятся доходы с депозитов, дивиденды по ценным бумагам, доходы от сдачи имущества в аренду и т.д. Пенсия, к слову, также относится к пассивному, но отложенному доходу. И, как и любой доход – она облагается налогом.

О порядке налоогобложения пенсионных выплат читайте в этом выпуске. Кроме этого со страниц журнала вы узнаете, как контролировать сумму пенсионных накоплений и для чего это нужно, узнаете, как увеличить пенсионный капитал и т.д. Не смеем вас больше задерживать, вперед за знаниями.

С уважением, ваша редакция!



ЗЕЙНЕТАҚЫ КАПИТАЛЫНЫҢ ӨРІСІН

# КЕҢЕЙТУ

# “РАСТИШКА”

ДЛЯ ПЕНСИОННОГО КАПИТАЛА

БЖЗҚ барлық салымшысына, оның ішінде зейнет жасына келіп қалған адамдарға компаниядан алған мәліметтерді жеке зейнетақы шотындағы деректермен салыстырып тексеру арқылы жұмыс берушінің зейнетақы жарналарын Қорға уақтылы аударуын өз бетінше қадағалап отыруға кеңес береді. Жинақтар сомасы туралы Қордың 232 дербес орталығының бірінен не пошта байланысы арқылы, электрондық пошта арқылы, *www.enpf.kz* сайтының “Интернет-үзінді көшірме” бөлімінен немесе ұялы қосымша арқылы кез келген күні мәлімет алуға болады.

“Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы” заңның ережелеріне сәйкес жұмыс беруші уақтылы аудармаған зейнетақы жарналарының сомасын нақты төлем жасалған және қызметкер жалақы алған жағдайда мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе Мемлекеттік корпорацияға төлейтін күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнге уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есебіне жазылған өсімпұлмен бірге, салымшылардың пайдасына аударуы тиіс.

*Есте сақтаңыз: көп болғаны тиімді! Зейнетақы жинақтарыңыз неғұрлым көп болса, болшақ зейнетақыңыздың мөлшері де соғұрлым көп болады.*

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары жоқ не зейнетақы жарналары тұрақты түрде аударылмайтын, сондай-ақ жұмысқа тұрғысы келетін немесе қосымша жұмыс тапқысы келетін адамдар үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі “Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдама беру” мемлекеттік қызметті арнайы әзірледі.

Бағдарламаға қатысу жұмысқа тұруға, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарына орналасуға, кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға жолдамалар алуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде қатысушылар БЖЗҚ-дағы өз зейнетақы капиталын (зейнетақы жинақтарының сомасын) көбейтіп, зейнет жасына толған кезде көп зейнетақы алатын болады.

Осы мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдары, оның ішінде Жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы мен Астана және Алматы қалаларының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы жеке тұлғаларға тегін көрсетеді.

Егер Сіздерді осы мәселе қызықтырған болса, БЖЗҚ жоғарыда аталған органдарға не *egov.kz* “электрондық үкімет” порталына өтініш жасауға кеңес береді.

ЕНПФ рекомендует всем вкладчикам, в том числе лицам предпенсионного возраста самостоятельно осуществлять контроль за своевременностью перечисления работодателем пенсионных взносов в Фонд путем сверки полученных от компании сведений с данными, имеющимися на индивидуальном пенсионном счете. О сумме накоплений на любую дату можно узнать в одном из 232 центров персонального обслуживания Фонда, посредством почтовой связи, по электронной почте, на сайте *www.enpf.kz* в разделе “Интернет-выписка” или через мобильное приложение.

Отметим, что согласно положениям Закона “О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан” своевременно не перечисленные работодателем суммы пенсионных взносов при условии фактической выплаты и получения работником заработной платы взыскиваются органами государственных доходов или подлежат перечислению в пользу вкладчиков с начисленной пеней в размере 2,5-кратной официальной ставки рефинансирования, установленной уполномоченным органом на каждый день просрочки, включая день оплаты в Государственную корпорацию.

*Помните: размер имеет значение! Чем больше у вас пенсионных накоплений, тем больше размер вашей будущей пенсии.*

Специально для лиц, у которых отсутствуют пенсионные накопления в ЕНПФ либо пенсионные взносы перечисляются нерегулярно, а также лиц, которые хотели бы трудоустроиться или получить дополнительную работу, Министерство здравоохранения и социального развития Республики Казахстан разработало государственную услугу “Выдача направлений лицам на участие в активных формах содействия занятости”.

Участие в программе позволит получить направления для трудоустройства, в том числе и на социальные рабочие места, на профессиональную подготовку, переподготовку и повышение квалификации. В результате участники смогут увеличить свой пенсионный капитал (сумму пенсионных накоплений) в ЕНПФ и, соответственно, при достижении пенсионного возраста получать пенсию больше.

Эта государственная услуга физическим лицам оказывается бесплатно местными исполнительными органами городов Астаны и Алматы, районов и городов областного значения, в том числе Управлениями координации занятости и социальных программ областей и Управлений занятости и социальных программ городов Астаны и Алматы.

В случае если кого-то заинтересовал данный вопрос, ЕНПФ рекомендует обратиться с заявлением для получения данной государственной услуги в вышеуказанные органы либо на портал “электронного правительства” *egov.kz.*

Елнур Шалкибаев

# САЛЫҚ ОЙЫНДАРЫ: ЗЕЙНЕТАҚЫ

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай кез келген табысқа, ол еңбекақы болса да, шәкіртақы болса да жеке табыс салығы салынады. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексінің 160-бабының 3-тармақшасына сәйкес зейнетақы да төлем көзіне салық салынатын табысқа жатады.

Дегенмен, жеке зейнетақы шотына аударылатын еңбекақыдан 10% міндетті зейнетақы жарналарына салық салынбайды. Жеке табыс салығы зейнетақы төлемдерін алған кезде ғана алынады.

## Төмендетуге ойнау

Қазақстан азаматтары қатарынан жасына қарай зейнетке шыққан адамдардың БЖЗҚ-дан алатын табысынан салықтық шегерімдерге[1] құқығы бар. Басқаша айтқанда, төлемнің барлығына емес, оның бір бөлігіне ғана салық салынады. Салықтың түпкілікті сомасын анықтау үшін "жыл ішіндегі зейнетақы төлемдерінен" "белгіленген салықтық шегерімді"алу қажет.

Жылдық төлем сомасын есептеу үшін Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидасымен белгіленген  арнайы әдістеме қолданылады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 02 қазандағы №1042 қаулысы, 2015 жылғы 10 желтоқсандағы өзгерістерімен). Осы әдістемеге сай жылдық сома тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең аз зейнетақының отыз еселенген мөлшерінің немесе зейнетақы жинақтары сомасының алушының тиісті жасындағы ағымдағы құн коэффициентіне көбейтіндісінің  көбірегінің мөлшерінде есептеледі.

Егер төлемнің жылдық сомасы ең аз 30 зейнетақыны құраса, 2016 жылы 774 720 теңгеге тең болады, өйткені биылғы ең аз зейнетақы мөлшері – 25 824 теңге. Төлемнің жылдық сомасы бойынша салықтық шегерім ағымдағы қаржы жылына Заңда белгіленген ең аз еңбекақының (ЕАЕ) он екі еселенген мөлшері болады. 2016 жылы ЕАЕ – 22 859 теңге, демек салықтық шегерім – 274 308 теңге (12 x 22 859).

[1] Салықтық шегерім – салық салынатын табыс мөлшерін азайтатын сома




# НАЛОГОВЫЕ ИГРЫ: ПЕНСИЯ

Любой доход, будь то заработная плата или стипендия, согласно действующему законодательству Республики Казахстан, облагается индивидуальным подоходным налогом. Пенсия, в соответствии с подпунктом 3 статьи 160 Кодекса Республики Казахстан "О налогах и других обязательных платежах в бюджет", также относится к доходу, облагаемому налогом у источника выплаты.

При этом обязательные пенсионные взносы – 10% от заработной платы, перечисляемые на индивидуальный пенсионный счет – налогом не облагаются. Индивидуальный подоходный налог будет взиматься лишь при получении пенсионных выплат.

## Игра на понижение

Пенсионеры по возрасту, являющиеся гражданами Казахстана, имеют право на налоговые вычеты[1] из дохода, получаемого из ЕНПФ. Иными словами, подоходным налогом будет облагаться не вся выплата, а только ее часть. Чтобы определить окончательную сумму налога, необходимо от "пенсионных выплат за год" отнять "установленный налоговый вычет".

Для расчета суммы годовой выплаты применяется специальная методика, установленная Правилами осуществления пенсионных выплат из пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов из единого накопительного пенсионного фонда, (Постановление Правительства Республики Казахстан от 02.10.2013 г. № 1042 с изменениями от 10.12.2015). Согласно данной методике, годовая сумма рассчитывается в размере наибольшей из следующих величин: тридцатикратного размера минимальной пенсии, установленного законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, или произведения суммы пенсионных накоплений на коэффициент текущей стоимости в соответствующем возрасте получателя.

Если годовая сумма выплат составила 30 минимальных пенсий, в 2016 году она будет равна 774 720 тенге, так как размер минимальной пенсии на этот год составляет 25 824 тенге. Налоговый вычет по годовой сумме выплат составит двенадцатикратный размер минимальной заработной платы (МЗП), установленный Законом на текущий финансовый год. В 2016 году МЗП составляет 22 859 тенге, следовательно, налоговый вычет будет равен 274 308 тенге (12 x 22 859).

[1] Налоговый вычет – это сумма, которая уменьшает размер дохода, с которого уплачивается налог

Табыс салығы 500 412 теңге (774 720 – 274 308) мөлшеріндегі сомаға салынатын болады. Салық мөлшері – 50 041,2 теңге (500 412 х 10%), яғни алушының банк шотына 724 678,8 теңге (774 720 – 50 041,2) мөлшеріндегі сома аударылатын болады.

Получается, что подоходным налогом будет облагаться сумма в размере 500 412 тенге (774 720 – 274 308). Размер же налога составит 50 041,2 тенге (500 412 х 10%), значит на банковский счет получателя будет перечислена сумма в размере 724 678,8 тенге (774 720 – 50 041,2).

## Қосымша түзету

Салық Кодексінің 156-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес кейбір санаттағы азаматтардың ең аз еңбекақының 55 еселенген мөлшерінде табысты түзетуіне болады. Алайда барлық табыс көзіне шектің бір жылға жиынтық түрде белгіленгенін есте сақтау керек: егер азамат зейнетақыдан басқа табыс бойынша салық есептеу кезінде түзетуді пайдаланған болса, онда зейнетақы төлемдерін алған кезде жеңілдіктер берілмейді.

Жеңілдікті салық Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, осы жылдары ерен еңбегі және әскери қызметі үшін ордендермен және медальдармен марапатталған адамдарға қолданылады, сондай-ақ марапаттары болмаса да 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырға дейін кемінде жарты жыл қызмет еткен адамдарға қолданылады. Сонымен қатар жеңілдіктерді 1, 2 және 3-топтағы мүгедектер, мүгедек балалар, “мүгедек бала”немесе “бала кезінен мүгедек” санатындағы тұлғалардың ата-анасының, қорғаншыларының, қамқоршыларының бірі аталған тұлға он сегіз жасқа толғанға дейін және бала асырап алушының біреуі бала 18 жасқа толғанға дейін пайдалана алады.

Зейнетақы төлемдеріне салық салған кезде табысты түзетуді қолдану үшін жоғарыда аталған тұлғалар санаттарының біріне жататын алушыға БЖЗҚ-ға өтініш және қажетті құжаттар беру керек. Құжаттар тізімін және өтініш үлгісін Қордың *www.enpf.kz* сайтындағы “Қызметтер” - “Зейнетақы төлемдері” - “Зейнетақы төлемдеріне салық салу тәртібі” бөлімінен көруге болады.

## Дополнительная корректировка

Некоторые категории граждан, в соответствии с подпунктом 13 пункта 1 статьи 156 Налогового Кодекса, могут рассчитывать на корректировку дохода в пределах 55-кратного минимального размера заработной платы. Но нужно помнить, что предел установлен на все источники дохода суммарно за год: если гражданин воспользовался корректировкой при исчислении налогов по другим доходам, помимо пенсии, то при получении пенсионных выплат льготы не предоставляются.

Под льготное налогообложение попадают участники Великой Отечественной войны, люди, награжденные орденами и медалями за самоотверженный труд и воинскую службу в эти годы, а также те, кто прослужил не менее полугода с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года, даже при отсутствии наград. Льготами также могут воспользоваться инвалиды 1, 2 и 3 групп, дети-инвалиды, один из родителей, опекунов, попечителей лиц, имеющих категорию “ребенок-инвалид” или “инвалид с детства” до достижения таким лицом восемнадцатилетнего возраста, и один из удочерителей и усыновителей до тех пор, пока ребенку не исполнится 18 лет.

Для применения корректировки дохода при налогообложении пенсионных выплат получателю, относящемуся к одной из вышеперечисленных категорий лиц, необходимо предоставить в ЕНПФ заявление и необходимые документы. Список документов и образец заявления можно найти на сайте Фонда *www.enpf.kz* в разделе “Услуги” – “Пенсионные выплаты” – “Порядок налогообложения пенсионных выплат”.

## Ойыннан тыс

Кез келген ережедегідей мұнда да өзіндік тыйымдар бар. Мысалы салық салынатын табысты түзету білім беру, медицина және әлеуметтік қорғау ұйымдарының әкімшілік қызметкерлері болса, осындай кәсіпорындармен еңбек қатынасына байланысты мүгедектігі бар балалардың қорғаншыларына және қамқоршыларына қатысты қолданылмайды.

Сондай-ақ зейнетақыға салық салған кездегі салықтық шегерімдер мен түзетулер зейнетақы төлемдерін мұраға алған кезде және Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаларға, оның ішінде ҚР аумағынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен тұлғаларға жасалатын төлемдер бойынша қолданылмайды. Басқаша айтқанда, БЖЗҚ-дан төлеген кезде олардың зейнетақы жинақтарының барлық сомасына 10% мөлшерлемемен салық салынады.

## Вне игры

Как и в любом правиле, здесь есть свои исключения. Например, корректировки облагаемого дохода не применяются в отношении опекунов и попечителей детей с инвалидностью, если они являются административными работниками организаций образования, медицины или социальной защиты, в силу трудовых отношений с такими предприятиями.

Также налоговые вычеты и корректировки при налогообложении пенсии не применяются при унаследовании пенсионных выплат и по выплатам нерезидентам Республики Казахстан, в том числе лицам, выехавшим на постоянное место жительства за пределы РК. Иными словами, вся сумма их пенсионных накоплений при выплате из ЕНПФ будет облагаться по ставке 10%.

Елнур Шалкибаев



## 2016 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША СТАТИСТИКА:

## СТАТИСТИКА ПО СОСТОЯНИЮ НА 1 ОКТЯБРЯ 2016 ГОДА:

Зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы /
Общая сумма пенсионных накоплений

**6,5 трлн.₸**

Зейнетақы жинақтары жыл басынан бері өсті /
С начала года пенсионные накопления увеличились на

**668 млрд.₸**

Шарттардың жалпы саны /
Общее количество договоров

шамамен/ около **10,11 млн.** бірлік/ единиц

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша/
За счет обязательных пенсионных взносов

шамамен/ около **9,66 млн.** бірлік/ единиц

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша/
По обязательным профессиональным пенсионным взносам

**411** мың бірлік/ тыс. единиц

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша/
По добровольным пенсионным взносам

**39** мың бірлік/ тыс. единиц

Таза инвестициялық табыс /
Чистый инвестиционный доход

**432,57 млрд.₸**

2016 жылдың басынан/
С начала 2016 года

табыстылық/ доходность **7,3%**

құнсыздану/ инфляция **5,6%**

Жыл басынан бері зейнетақы төлемдері мен аударымдары /
С начала года пенсионные выплаты и переводы

**130,45 млрд. ₸**

Оның ішінде сақтандыру ұйымдарына аударымдар /
В том числе переводы в страховые организации

**14,61 млрд.₸**

Көрсетілетін қызмет іске қосылғалы бері электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан/
Через портал электронного правительства с момента запуска услуги было выдано более

egov **323** мыңнан астам/ тыс.

үзінді көшірме берілген/
выписок с индивидуальных пенсионных счетов вкладчиков (получателей)

Ұялы қосымша жүктеп алуының жалпы саны/
Общее количество скачиваний мобильного приложения составило

**357** мың/ тыс.

ANDROID APP ON Google play **289,6** мың жүкте алу/ тыс. скачиваний

Available on the iPhone App Store **62,2** мың жүкте алу/ тыс. скачиваний

Windows Phone **6,1** мың жүктеп алу / тыс. скачиваний



# ҚОРДЫҢ “ЖЕЗ ХАНЫМЫМЫМЕН” ӘҢГІМЕЛЕСЕМІЗ

---

# БЕСЕДУЕМ С “ЖЕЛЕЗНОЙ ЛЕДИ” ФОНДА

Редакция Қордың “Жез ханымымен” пікір алмасуды өткен нөмірді дайындау кезінде жоспарлап қойған, бірақ оны жаңа жыл қарсаңындағы мерекелік шығарылымға сақтап қойғанды жөн көрді. Дүйсенова ханым өзінің жұмыс кабинетінде қарсы алды, өзінің зейнетақы секторына қалай келгені, еңбек жолының қалай өткені, өзінің қалай батыл әрі өз күшіне сенімді болатыны туралы айтып берді. Дей тұрғанымен, біз “БЖЗҚ” АҚ Басқармасы Төрағасының бірінші орынбасарымен әңгімемізді зейнетақы жүйесіндегі жаңалықтардан бастадық.

*Сәуле Сағынтайқызы, салымшыларды алдағы уақытта күтіп тұрған зейнетақы жүйесіндегі жаңалықтар туралы айтып бересіз бе?*

Біз еліміздегі зейнетақы жүйесінің бірнеше деңгейден тұратынын білеміз. Бүгінде “Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесі туралы” заңға егізілген жаңалықтар тек қандай да бір деңгейге ғана әсер етіп қоймайды. Өзгерістер базалық, ортақ зейнетақыдан тұратын бірінші деңгейде және оның жинақтаушы бөлігінде болады.

Бүгінде барлық зейнеткерлер республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 50% мөлшеріндегі базалық зейнетақыға сене алады. Бірақ 2018 жылдың шілдесінен бастап базалық зейнетақының мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне тәуелді болады. Ол былай көрініс табады: кімде кімнің еңбек өтілі болмаса не еңбек өтілі 10 жылдан аз болса, сол адам ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50%-ын алатын болады, әр жұмыс жылы үшін базалық зейнетақы мөлшері 100% деңгейіне жеткенге дейін 2%-ға көтеріліп тұрады.

Басқа сөзбен айтқанда, жаңа енгізілетін өзгерістерге сәйкес базалық зейнетақы екі есе ұлғаятын болады, яғни азаматтарымыздың келешекте алатын зейнетақысына жақсы үстеме болады емес пе. Осылайша, адамдарды жинақтаушы жүйеге қатысуға шақырамыз, ондағы басты қағида – адамды қаражатты неғұрлым көп жинаған сайын, келешекте соғұрлым көп ақша алатынына сендіру.

Бұдан басқа, қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауыш енгізілетін болады. Ол қызметкер табысының 5% мөлшерінде жұмыс берушілердің жарналары есебінен құралатын болады. Оосы жаңа элементтің басты ерекшелігі: салымшылардың шартты-жинақтаушы шоттарында жиналатын қаражат мұраға қалдырылмайды, бірақ өмір бойы төленетін болады. Сәйкесінше егер салымшы жүйеден кететін болса, оның шартты-жинақтаушы шотындағы қаражат басқа қатысушылардың шоттарына бөлініп салынады.

ХЕҰ (“халықаралық еңбек ұйымы” - автордың ескертуі) стандарттары бар, онда адам құрметті демалысына шыққан кезде алатын зейнетақысы оның жоғалтқан табысының 40%-ын құрау керек екені көрсетілген. Бүгінде елімізде зейнетақының орташа алғандағы мөлшері 42%-ды өтейді. Негізгі үлесті бірінші деңгей құрайды, бірақ 45-ші жылға қарай одан тек бір ғана базалық зейнетақы қалатын болады, ал ортақ зейнетақы жүйесі жойылады. Біз енді оның орнын жабуға тиіспіз. Біздің актуарийлердің есептеулері бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушы болып табылатын жас адамның зейнетақысының жинақтаушы бөлігі 2018 жылдан бастап аталған 40%-ды қамтамасыз ете алмайды. Соған байланысты шартты-жинақтаушы жүйе енгізіліп жатыр.

Побеседовать с “железной леди” Фонда редакция планировала еще в рамках подготовки предыдущего номера, но решила приберечь разговор для праздничного, новогоднего выпуска. Принимая нас в своем рабочем кабинете, госпожа Дюсенова рассказала, как она пришла в пенсионный сектор, какой карьерный путь прошла, как ей удается быть сильной и уверенной в своих силах. Но начать нашу беседу с первым заместителем Председателя Правления АО “ЕНПФ” мы, конечно же, решили с нововведений в пенсионной системе.

*Сауле Сагинтаевна, расскажите о нововведениях в пенсионную систему, которые ожидают вкладчиков в ближайшее время. Как Вы их оцениваете, и каковы причины их ввода?*

Мы знаем, что пенсионная система нашей страны состоит из нескольких уровней. И нововведения, внесенные в закон “О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан”, коснутся не только какого-то одного уровня. Изменения произойдут в первом уровне, который состоит из базовой и солидарной пенсии, и в накопительной части.

Сегодня абсолютно все пенсионеры могут рассчитывать на базовую пенсию в размере порядка 50% от прожиточного минимума, установленного законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год. Но уже с июля 2018 года размер базовой пенсии будет зависеть от стажа работы на 1 января 1998 года и стажа участия в накопительной пенсионной системе. Выглядеть это будет следующим образом: кто не имеет стажа или имеет стаж менее 10 лет, тот будет получать 50% от прожиточного минимума, за каждый год выработки размер базовой пенсии будет повышаться на 2%, пока не достигнет отметки в 100%.

Иными словами, с нововведением размер базовой пенсии может увеличится в два раза, что, согласитесь, является хорошей надбавкой для будущей пенсии граждан. Это хорошо еще и тем, что мы таким образом стимулируем участие человека в накопительной системе, основным принципом которой является утверждение, что чем больше человек накопил, тем больше в будущем он будет получать.

Кроме того, с 2018 года в действующую накопительную пенсионную систему будет введен новый компонент – условно-накопительный. Он будет формироваться за счет взносов работодателей в размере 5% от дохода работника. При этом главное отличие нового элемента заключается в том, что средства, которые будут аккумулироваться на условно-накопительных счетах вкладчиков, не наследуются, однако выплачиваться они будут пожизненно. Следовательно, если вкладчик покидает систему, то средства с его условно-накопительного счета переходят в общий котел, откуда распределяются на других участников.

Есть стандарты МОТ (“международной организации труда”– прим. автора), которые говорят о том, что пенсия человека при выходе на заслуженный отдых должна составлять 40% его утерянного дохода. Сегодня по республике в среднем размер пенсии возмещает 42%. Причем основную долю составляет первый уровень, но к 45 году из него останется только одна базовая пенсия, солидарная уйдет. И мы теперь должны это компенсировать. По расчетам наших актуариев накопительная часть пенсии молодого человека, который уже является участником накопительной системы, с 2018 года не обеспечит эти 40%. И поэтому вводится эта условно-накопительная система.



*Біздің білуімізше сіз еңбек жолыңыздың баспалдағын мұрағатшы болудан бастап “БЖЗҚ” АҚ Басқармасы төрағасының бірінші орынбасарына дейін көтерілдіңіз. Өз еңбек жолыңыз, онда кездескен қиындықтар туралы қысқаша баяндап берсеңіз. Өзіңіз жинаған тәжірибеңізден кәсіпқой маман ретінде қандай сабақ алдыңыз?*

Мен қызметімді ең алғаш бастаған кезде мұрағатшы болғым келген, оны менің міндетім деп ойлайтынмын. Мектепті бітірген соң отбасы жағдайына байланысты басқа қалаға барып, университетке түспеймін деп шештім. Сөйтіп үйде қалдым. Мұрағатқа жұмысқа тұрдым. Ол кезде мұрағат мектептен кейінгі жоғары білімді талап етпейтін.

Кейіннен ішкі істер органдарында заңгер болғым келген арманымды жүзеге асыру үшін Қағанды мемлекеттік университетіне келіп емтихан тапсырдым, бір балым жетпей қалды. Бір жылдан кейін қайтадан бағымды сынамақ болдым, бірақ тағы да оқуға түспей қалдым. Тағдырымның қалауы осы болған шығар деп ойлап, өзімнің бұрынғы жұмысыма, яғни мұрағатқа қайта оралдым. Мұрағатта бухгалтерия құжаттарымен көп жұмыс жасадым, сол кезде маған сандармен жұмыс істеген ұнайтынына көзім жете бастады. Мектепте де математика пәнінен өте жақсы оқыдым, нақты пәндерді меңгеру жеңіл болатын. Айналып келгенде алматыдағы Нархозға келіп “Қаржы және кредит” бөліміне оқуға тапсырдым.

*Насколько мы знаем, Вы прошли путь от архивариуса до первого заместителя Председателя Правления АО “ЕНПФ”. Расскажите вкратце о своем карьерном пути, был ли он сложным? Какие уроки Вы вынесли как профессионал из своего богатого опыта?*

Начало деятельности связано у меня не с тем, что я хотела быть архивариусом или считала, что это было мое призвание. Так получилось, что после окончания школы по семейным обстоятельствам я решила не поступать в университет и не уезжать в другой город. Соответственно, я остаюсь дома, устраиваюсь на работу в архив, куда брали без образования, сразу после школы.

Позже в погоне за своей мечтой быть юристом в органах внутренних дел, я еду поступать в КарГУ, сдаю экзамены, но не добираю один балл. Ровно через год я вновь пробую свои силы, но опять не поступаю. Решив, что это, видимо, не судьба, я возвращаюсь в свой родной архив. Чем больше времени я проводила за работой с бухгалтерскими документами в архиве, тем больше я убеждалась, что мне нравится работать с цифрами. К слову, в школе я была сильным математиком и мне легко давались точные науки. Все это вместе подтолкнуло меня поехать поступать в алма-атинский Нархоз на отделение “Финансы и кредит”.

*“Сол бөлімге барған соң мен өз орнымды тапқа-нымды түсіндім, институқа түсіп, осы мамандықты игеруде дұрыс таңдау жасағаныма көз жеткіздім”.*

*“Когда я пришла туда, я поняла, что я на своем месте, что я правильный выбор сделала, поступив в этот институт, на эту специальность”.*

Институтты бітірген соң қалалық атқарушы комитетке статистика жөніндегі экономист болып жұмысқа орналастым. Кейін қалалық атқарушы комитеттің төрағасы ұйымдастырушылық қабілетімді байқап, мені ұйымдастыру бөліміне ауыстырды. Ол жерде біраз жұмыс істеген соң, жоспарлау бөліміне ауыстым, қазір ол қала немесе облысқа қарасты экономиканы басқару бөлімі деп аталады. Сол бөлімге барған соң мен өз орнымды тапқанымды түсіндім, институқа түсіп, осы мамандықты игеруде дұрыс таңдау жасағаныма көз жеткіздім.

Бірақ ол заманда партияның рөлі ерекше болатын, оны өздеріңіз де білесіздер, сол партия мені, 27 жастағы қала қызын ірі ауылшаруашылық ауданға аудандық атқарушы комитеті төрағасының орынбасары ретінде жұмысқа жіберді. Басында мен ауданның барлық экономикасы мен қаржысына басшылық еттім, бірақ кейіннен аудандық атқарушы комитеттері әкімшілік, содан кейін әкімдік болып өзгерген соң, менің қызмет жолымның арнасы біраз үлкейді. Мен сол кезде ауданның қаржысымен, жоспарлау және экономикасымен айналысып қана отырған жоқпын, маған білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, сауда-саттық және әлеуметтік қамсыздандыру салаларына басшылық ету жүктелді.

После института я устраиваюсь экономистом по статистике в горисполком. Потом председатель горисполкома, видя мои организаторские способности, переводит меня в orготдел. Поработав немного там, я решаю перейти в плановый отдел, который сейчас называется отделом управления экономики при акиматах города или области. Когда я пришла туда, я поняла, что я на своем месте, что я правильный выбор сделала, поступив в этот институт, на эту специальность.

Но, как вы сами знаете, партия в то время играла значительную роль, и она меня, городскую девочку 27 лет, посылает работать заместителем председателя райисполкома крупного сельскохозяйственного района. Поначалу я полностью курировала всю экономику и финансы района, но потом, когда уже райисполкомы преобразовались в администрации, а затем и в акиматы, поле моей деятельности увеличилось, я уже занималась не только финансами, планированием, экономикой района, но и курированием всей системы образования, здравоохранения, соцобеспечения, культуры и торговли.

Алғашқы кезде қиынға түсті, өйткені бәрін қайтадан үйреніп, тереңірек үңіліп, технологиясын білу керек болды, бірақ уақыт өте келе бәріне де үйренеді екенсің, ең бастысы мықты болуға талпыну. Мен көп нәрсеге қол жеткіздім, ал ең бастысы мол тәжірибе жинақтадым, сол еңбегімнің нәтижесі бүгінгі күнде де сеп болып отыр. Мен өз жұмысымда әр уақытта дана анамның айтқан сөзін ұстанамын, мен ауылшаруашылық ауданға кетіп бара жатқан кезде шығарып салып тұрған анамның “сен жұмысты өте жақсы істеуге тиіссің, тіпті кейін ол ауданнан кетіп жатсаң да, ол жақтың адамдары сені жақсы жағыңнан ғана еске алуы тиіс” деген сөздері жадымда сақталып қалды.

*Сәуле Сағынтайқызы, Сізге қазір Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары ретінде күн сайын маңызды шешімдер қабылдап, өзіңізге жауапкершілік алуға тура келеді. Әр уақытта батыл болу әрі өз күшіңізге сену оңай ма?*

Білесіз бе, мен өмірде жолы болғыш адаммын. Мен өзімнің айналамдағы, бірге жұмыс істеген және қазір де бірге жұмыс істеп жүрген адамдармен жолым болды. Дәл осы адамдар маған күш беріп, сеніміме жігер береді. Біріншіден олар менің дәл осы күйімде шын ықыласпен қабылдайды, екіншіден олар мені түсінеді, барлық ұсыныс-тілектеріме мән беріп, тыңдайды. Үшіншіден олардың көздерінен түсіністікті көремін, олар – мені әрқашан қолдайтын, өзім секілді тек өрге жүретін адамдар. Мен өз басшымның сатпайтынына, менің сыртымнан әрекет жасамайтынына, маған жамандық істемейтініне көзім анық жетеді, ал менімен бірге жұмыс істейтін адам соңына дейін бірге болады.

Маған отбасым, яғни жолдасым, балаларым мен немерелерім де күш-қуат беріп, сенімімді нығайтады. Жолдасымның маған қолдау көрсетіп, керек жерінде берген ақыл-кеңесі қиын кездері жігерімді жусатпай, аман есен алға жылжуыма көмектесті. Көпшілігі отбасы мен қызметті қатар алып жүру қиын, көп уақытты алады деп ойлайды. Ол рас, бірақ мен барлық жерде үлгеруге тырыстым. Бұл маған ауыртпалық жасамайды, керісінше күш береді. Мен бірден бірнеше істі қатар ойлауға және бір уақытта болашаққа жоспар құруға үйрендім. Әйелдер жалпы табиғатынан жинақы, жан-жақты, тиімді әрекет етуге бейім болып келеді, өйткені олар – Ана! Жауапкершілікті мойнымызға алу біздің бойымызға берілген, біз солай жаратылғанбыз.

Мен гүлдерді қатты жақсы көремін. Өзім өсіретін гүлдерден шабыт аламын, олардың арасында жүргенде жаныма тыныштық орнайды. Ауылшаруашылық аудандағы 10 жылдық еңбек жолым өмірімде өз ізін қалдырған сияқты. Жұмыстан қай уақытта қайтсам да, әдетте мен түнгі оннан ерте қайтпаймын, отбасыммен кешкі ас ішкен соң, гүлдеріме барып су құямын, олармен әңгімелесемін.

*Сізге кіммен жұмыс істеген оңай, әйелдермен бе, жоқ ер азаматтармен бе?*

Мен “Маған ер азаматтармен жұмыс істеген оңай, ал әйел адамдармен жұмыс істеген қиын” деп айта алмаймын. Мен үшін адамның жынысы маңызды емес, оның мінез-құлқы әлдеқайда маңыздырақ. Егер адам талапты және мақсаты айқын болса, ондай адаммен жұмыс істеу де оңай.

